

Қазақ тілі (B2 деңгейі). 2-семестрге арналған. 6-сабақ. Бірінші бөлім.

Лексикалық тақырып: Қала мен дала тынысы.

Грамматикалық тақырып: Жай сөйлемдердегі анықтауыштық, кеңістіктік, мезгілдік қатынастардың логикалық, мағыналық жағы.

Оқылым. 1-тапсырма. Мәтінді түсініп, мәнерлеп оқыңыз.

Қазақстан жер көлемі жағынан әлем елдері арасында тоғызыншы орын алады. Қазақстан – Ұлы Дала елі. Алтайдан Атырауға дейін, Алатаудан Арқаға дейін жалғасып жатқан кең байтақ өлке. Осы ұлан-ғайыр даланы қорғау, сүю – басты міндетіміз. Әр адам үшін туған жері қасиетті. Мемлекеттің негізгі байлығы – адам. Демографиялық ахуалы жақсы мемлекеттің экономикасы, әлеуметтік жағдайы тұрақты, жұмыс күші басым болып келеді. Мемлекеттер халық санының артуына күш салады. Біздің елімізде де өткен санақтардан халықтың саны өсіп келе жатқанын байқауға болады. Санақ не үшін керек? Мемлекет елдегі халық санын, этникалық құрамын дәл білуі үшін, халықтың тұрмысын зерттеу үшін талдау жасайды. Санақ нәтижесі бұдан кейінгі есептерге, алдағы жылдарға жоспар, болжам жасау үшін қажет.

2030 жылға қарай Қазақстан халқының кемінде 70 пайызы қалада өмір сүреді деген болжам бар. Сарапшылардың пікірінше, қалада тұратын халықтың осындай үлесі қазіргі заманғы индустриядан кейінгі экономиканы қалыптастыруға мүмкіндік береді. Соңғы жылдары кластерлік даму, урбанизация, қалалардың рөлін арттыру, «ақылды» және «жасыл» қалалардың пайда болуы секілді аумақтық дамудың жаңа трендтері қалыптасып келеді. Ауылды жерлердің өз артықшылықтары (халықтың орналасу тығыздығы төмен, таза, тыныш) болғанымен, ауылда туып өскен жастардың көпшілігі қалада тұрғанды қалайды. Ауыл жастары өздеріне лайықты жұмыс жоқ екендігін айтып, қаладан жұмыс іздейді. Ауылдардың әлеуметтік жағдайы бірдей емес. Жалпы, ауыл тұрғындары ынтымақ-бірлігі жарасқан, ұйымшыл болып келеді. «Ауылым – алтын бесігім» деп, туған ауылына көмек беретін азаматтар да бар. Туған жерінің гүлденуін қалайтын азаматтардың бастамасымен ауылдар көркейіп, біртұтастығы артып келеді.

Жазылым. Мәтінмен жұмыс.

2-тапсырма. Мәтіндегі жаңа сөздерді жазып, сөздік қорыңызды толықтырыңыз.

3-тапсырма. Мәтінде қандай сөздер жиі қайталанатын? Жиі қайталанатын сөздерді теріп жазыңыз.

Жаттығу жұмысы.

4-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Қазақстан жер көлемі жағынан әлем елдері арасында нешінші орын алады?
2. Демографиялық ахуалы жақсы мемлекеттің экономикасы, әлеуметтік жағдайы тұрақты, жұмыс күші қалай болып келеді?
3. Санақ не үшін керек?
4. 2030 жылға қарай Қазақстан халқының қанша пайызы қалада өмір сүреді деген болжам бар?
5. Соңғы жылдары аумақтық дамудың қандай трендтері қалыптасып келеді?

5-тапсырма. Төменде берілген сөйлемдерді сұраулы сөйлемдерге айналдырып жазыңыз.

«Ауылым – алтын бесігім» деп, туған ауылына көмек беретін азаматтар да бар. Туған жерінің гүлденуін қалайтын азаматтардың бастамасымен ауылдар көркейіп, біртұтастығы артып келеді.

Айтылым.

7-тапсырма. Мәтінге қосымша ақпараттар қосып айтыңыз.

Алматы – туристік аймақ. Табиғаттың сұлу жаратылысынан болу керек, Алматыны көруге келетін саяхатшылар саны жылдан жылға артып отыр. Өз еліміздің тұрғындарынан бөлек, Алматыны көруге келетін шетелдік туристердің де саны еселенуде. Өйткені, Алматы бір жағынан көркем-көрікті, жасыл желекті қала болса, екінші жағынан тарихы терең, мәдени-рухани астана.

Алматы – жап-жасыл саябақтарымен, бау-бақшаларымен көркем. Оның үстіне, арқасын асқақ Алатауға сүйеген шаһар жыл он екі ай туризмге таптырмайды. Шетелдіктердің өзі Алматының жаратылысына таңдай қағады. Мәселен, шетелде мұндай тарихи қаланың жанында асқар тау, айдынды өзен, көл, құмды алқап, жасыл бел, жазира дала кездесе бермейді. Ал Алматыда осының бәрі бар. Мәселен, қаланың түстігі қарлы Алатау, теріскейінде Қапшағай су қоймасы, құмды алқап, шаһардың батысы мен шығысында жасыл бел-жазира дала жатыр. Осындай жаратылысы таңғажайып шаһар туризмді қала болмауға хақысы жоқ!

Медеу мен Шымбұлақ – Алматының ғана емес, тұтас Қазақстанның мақтанышы! Шымбұлақ пен Медеу мұз айдыны жыл он екі ай келушілер үшін қызмет көрсетеді. Бұл екі орын – Алматының төлқұжаты. Демалушылар үшін де бұдан артық жер жоқ.

6-сабақ. Бірінші бөлім аяқталды. Сабақтың жалғасы екінші бөлімде қарастырылады.